

*Дидактикалық ойын арқылы балалардың  
қызығушылық іс-әрекетін ұйымдастыру.*

# ӨЗЕКТІЛІГІ:

**Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз.**

**Мектеп дейінгі балалардың өзін-өзі дамыту үрдісінде дидактикалық ойындарды пайдалану - бүгінгі күні білім беру саласындағы өзекті мәселе.**

**Балаларды заман талабына сай коммуникативті қасиеттер мен эстетикалық талғамы – сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді, креативті, кез-келген ортаға бейімделетін, өзін-өзі ұстай алатын тұлға қалыптастыру басты міндетіміз.**

**Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын дамытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау - кезек күттірмейтін іс.**

## Мақсаты

*Дидактикалық ойын негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға деген мотивациясын тудыру және қызығушылық іс-әрекетін ұйымдастыру*


# Міндеттері:

- \* 1. Дидактикалық ойын негізінде баланың қызығушылығын туғызу;
- \* 2. Оқу-іс әрекетінде баланың белсенділігін арттыру;
- \* 3. Оқу-тәрбие үдерісінде балаларды дұрыс сөйлеу мәнеріне үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдануға бағыттау.

# ***Күтілетін нәтиже:***

*Балалардың дидактикалық  
ойын арқылы даму деңгейі  
көтеріледі;  
Шығармашылық  
қабілеттері  
дамиды;  
Тәрбиеленушілердің сөйлеу  
дағдылары қалыптасады*





*«Ойын баланың алдынан өмір  
есігін ашып, оның  
шығармашылық  
қабілетін дамытады, ойынсыз  
ақыл- ойдың қалыптасуы  
мүмкін емес».*

*В.А. Сухомлинский*

*Ойын кезінде баланың ортамен қарым қатынасы кеңейіп,  
таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады.*

## Тәрбие қасиеттері

достық  
адамгершілік  
тапқырлық  
шапшаңдық  
жауапкершілік  
ұйымшылдық  
белсенділік  
қамқорлық  
сенімділік  
мейірбандық  
ынтымақтастық

Ойын арқылы  
осындай тәрбие  
қасиеттері  
қалыптасады.

**Ойын- дегеніміз не?** Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.





**Дидактикалық ойын** баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі.

Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші баланың түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетеді. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіңдер? Үй жануарларының үшеуін атаңдар. Бала дидактикалық ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді меңгеріп, түсінігін тиянақтайды.



Педагогикада дидактикалық ойындарға былай анықтама беріледі: **дидактикалық ойындар** дегеніміз — балаларға белгілі — бір білім беріп, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мақсатын көздейтін іс - әрекет.





**К. Д. Ушинский** баланың ойынға деген қызығушылығы жөнінде былай дейді: «Ойын-балалар үшін шындық. Ал шындық қоршаған ортадан да қызық, бала үшін қызықты болу түсінікті, өйткені онда өзіндік іс- әрекет көрінеді. Бала ойын әлемінде өмір сүреді, оның ізі шындық, өмірге қарағанда терең қаланады.»

Заттық дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойын

Үстел үстінде  
ойнالاتын  
дидактикалық  
ойындар

Сөздік дидактикалық  
ойындар

# Дидактикалық ойын «Қауіпті заттар»?

## Мақсаты:


Балалардың өмірімізге, денсаулығымызға қауіпті заттар туралы түсініктерін қалыптастыру, бекіту.

## Ойынның жүрісі:

Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттердің ішінен қауіпті заттарды табуды ұсынады және оның қандай қауіп әкелетінін.



## Үйдегі қауіпті заттар



# Дидактикалық ойын «Бағдаршам не дейді?»

## Мақсаты:

Бағдаршам көздерінің түстерімен таныстыра отырып, оның беретін белгілері туралы түсінік беру және ол белгілер бойынша жүргіншілердің іс - әрекеттерімен таныстыру, бекіту.

## Ойынның жүрісі:

Тәрбиеші бағдаршам макетін ұсынып оның көздері не деп тұрғанын, қандай белгі беріп тұрғанын сұрай отырып, сол белгіге сай қимыл әрекеттер жасауын қадағалайды.



# ҚОРЫТЫНДЫ

**Дидактикалық ойын** – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әр сабақта дидактикалық ойындарды пайдалану өте тиімді.